«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
Комитеті

_____ С.С. Ерғалиев
«__»_____2022 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
«Дене мүмкіндіктері шектеулі
тұлғаларға арналған спорттық
даярлау орталығы» РМҚК директоры

_____ М.Д.Қасқырбаев
«__»_____ 2022 ж.

**2022 жылғы паралимпиадалық спорт түрлері бойынша республикалық спорттық іс-шараларының**
**ЕРЕЖЕСІ**

## I. Мақсаты және міндеті.

Көру мүшесі зақымдалған және тірек қимыл-аппараты зақымдалған мүгедек-спортшылар арасындағы республикалық спорттық іс-шаралары мүгедектердің әлеуметтік, психологиялық және физикалық, салауатты өмір салтын қалыптастыруларын оңалтудағы маңызды факторы ретінде, Қазақстан Республикасының мүгедектер арасындағы спорт және дене шынықтырумен айналысуды насихаттау мақсатында өткізіледі.

ТҚАЗ және көру мүшесі зақымдалған мүгедек-спортшылар арасында республикалық жарыстарды өткізудегі негізгі міндеттері:

- ТҚАЗ және көру мүшесі зақымдалған мүгедектерді спортпен және дене шынықтырумен белсенді шұғылдануға жұмылдыру;
- ТҚАЗ және көру мүшесі зақымдалған мүгедек-спортшылар арасында спорт шеберлігін жетілдіру және спорт резервіне дайындық;
- спорт түрлері бойынша халықаралық жарыстарға қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасын қалыптастыруда жақсы спортшыларды іріктеу.

## II. Жарыс өткізу құқығы.

ТҚАЗ және көру мүшесі зақымдалған спортшылар арасындағы спорттық іс-шараларын өткізу құқығы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министірлігі және «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК-ға жатады.

Бас төрешілер коллегалары «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК бекітілген (әрі қарай СДО), қалалар мен облыстардың дене шынықтыру және спорт Басқармасының, жарыстардың өткізілетін аумақтарында тікелей іс-шараларын өткізілуі жүктеледі.

## III. Жарысқа қатысушылар және рұқсат шарттары.

ТҚАЗ және көру мүшесі зақымдалған мүгедек-спортшылар арасында республикалық жарыстарға қатысу үшін Қазақстан Республикасының азаматтығын иеленген, тірек-қимыл аппараты зақымдалған және көру мүшесі зақымдалған мүгедек-спортшылардан құралған, Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының, Қазақстан Республикасының облыстық құрамалары, мүгедектер спорт мектебі және спорт клубы командаларына рұқсат беріледі.

Республикалық жарыстарға қатысу келесі өлшем бойынша жүзеге асырылады:

- спортшылардың мүгедектік растаушы құжаттар (түпнұсқа анықтама (көшірме) немесе Халықаралық дәрежедегі сертификаты);
- Қазақстан Республикасының азаматтығын растаушы құжаттар (жеке куәлік немесе шетелге шығу төлқұжат).

Қазақстан Республикасының азаматтығын иеленбеген немесе азаматтығы жоқ мүгедек-спортшылар, республикалық жарыстарға қатысуына рұқсат етілмейді.

Мүгедек спортшы республикалық жарыстарға қатысу үшін медициналық классификациялық комиссиядан өткеннен кейін соңғы рұқсатын алады, бірақ халықаралық сертификаты бар болса бірден рұқсат беріледі.

Жарыстарға қатысу өтінім белгіленген нысанмен және іссапарға жіберуші ұйымның мөрімен расталған болу керек.

Өтінімге еңгізілген, барлық спортшыларда, медициналық мекеменің мөрімен немесе дәрігердің жеке мөрімен расталған, жарыстарға қатысуға арналған дәрігердің рұқсаты болу керек.

Құрама командасында міндетті түрде спорт түрі бойынша бір төреші болуы керек.

## IV. Жарыстарды өткізу бойынша қаржыландыру шарттары.

Жарысқа қатысу командалары іссапарға жіберу жөніндегі барлық шығындар (жол ақысы, жолдағы тәулік ақысы, тамақтану, қонақ үйде орналасу, транспорт) іссапарға жіберген ұжымның есебінен жүргізіледі.

Жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау бойынша шығындарды (кубоктар, медальдар, дипломдар) төрешілердің еңбек ақысы, команда басшысының іссапар шығындары (жол ақысы, тәулік ақысы, қонақ үйде тұру) «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК жүзеге асырады.

Төрешілердің тамағы, еңбек ақысы іссапар шығындары (жол ақысы, тәулік ақысы, қонақ үйде тұру шығындары іс-сапарға жіберген мекеменің тарапынан қаржыландырады (Нұр-Сұлтан,Алматы, Шымкент ққ. және облыстар спорт басқармалар, спорт Федерациялар).

## V. Жарыстарға қатысу өтінімі.

Жарыс орынына келу бойынша мандаттық комиссияға келесі құжаттар беріледі:

- іссапарымен жіберуші ұйымы және дәрігердің мөрімен расталған, әр спортшының сауалнама көрсетілімімен иеленген өтінімі белгіленген формасы;
- ВТЭК анықтамасының төлнұсқасы немесе расталған көшірілімі;

ҚР Чемпионатына қатысу бойынша сүйемелдеуші тұлғалар және спортшылардың санын көрсетілуімен бастапқы өтінім, және келу туралы хабарлама электронды пошта: немесе СДО телефоны 790 413, жіберілуі қажет.

| № | Спорт түрі | Жарыстын атауы | Уақыты | Өтетін жері | Медаль/кубок/ диплом саны |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Пара пауэрлифтинг | ҚРЧ командалық және ҚРЧ жастар арасында (ТҚАЗ және Көру) | 26-29 сәуір | Талдықорган қ. | 120 медаль<br>120 диплом<br>9 кубок |
| **2** | Пара оқ ату | ҚРЧ | 10-15 мамыр | Алматы қ | 21 медаль<br>21 диплом |
| **3** | Футбол 5*5 | ҚРЧ | 15-21 мамыр | Алматы қ. | 36 медаль<br>36 диплом |
| **4** | Пара таеквондо | ҚРЧ | 01-04 маусым | Тараз қ. | 80 медаль<br>80 диплом |
| **5** | Волейболды отырып ойнау | ҚРЧ 1 тур | 1 – 5 маусым | Нұр-Сұлтан қ. | - |
| **6** | Садақ ату | ҚРЧ (жабық алаңда) | 13-19 маусым | Нұр-Сұлтан қ. | 36 медаль<br>36 диплом |
| **7** | Пара жеңіл атлетика ерлер арасында | ҚРЧ | 15-22 маусым | Алматы қ. | 228 медаль<br>228 диплом |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **8** | Пара жеңіл атлетика жастар арасында | ҚРЧ | 15-22 маусым | Алматы қ. | 228 медаль<br>228 диплом |
| **9** | Пара велоспорт | ҚРЧ | 19-21 маусым | Ақмола обл., Щучинск. | 12 медаль<br>12 диплом |
| **10** | Голбол | Ерлер арасында ҚРЧ (1 айналым) | 25-30 маусым | Алматы қ | - |
| **11** | Пара жүзу | ҚРЧ | 25 маусым – 1 шілде | Ақтобе қ. | 210 медаль<br>210 диплом |
| **12** | Пара үстел теннисі | ҚРЧ | 3-9 шілде | Орал қ. | 120 медаль<br>120 диплом |
| **13** | Голбол | ҚРЧ (2 айналым) | 10-15 тамыз | Нұр-Сұлтан қ. | 24 медаль<br>27 диплом |
| **14** | Пара үстел теннисі | Жастар арасында ҚРЧ | 15-20 тамыз | Ақтау қ. | 120 медаль<br>120 диплом |
| **15** | Пара садақ ату | ҚРЧ (ашық алаңда) | 19-26 тамыз 2022 жыл | Алматы обл. Талғар қ. | 36 медаль<br>36 диплом |
| **16** | Пара пауэрлифтинг | ҚРЧ (ТҚАЗ және Көру) | 27-30 тамыз | Актау қ. | 120 медаль<br>120 диплом<br>9 кубок |
| **17** | Волейболды отырып ойнау | ҚРЧ 2 тур | 1 – 5 қыркүйек | Нұр-Сұлтан қ. | - |
| **18** | Пара ат спорты | ҚРЧ | 15 – 16 қыркүйек | Өскемен | 75 медаль<br>75 диплом |
| **19** | Пара оқ ату | ҚРК | 19-23 құркүйек | Нұр-Сұлтан қ. | 21 кубок<br>21 диплом |
| **20** | Волейболды отырып ойнау | ҚРЧ 3 тур | 2 – 6 қараша | Нұр-Сұлтан қ. | 36 медаль<br>36 диплом |
| **21** | Пара шаңғы | ҚРК | 4 – 6 қараша | Щучье қ. | 96 медаль<br>96 диплом |
| **22** | Пара шаңғы | ҚРЧ | 7 – 13 қараша | Щучье қ. | 45 кубок<br>45 диплом |
| **23** | Пара жүзу | ҚРК | 15 – 20 қараша | Ақтобе қ. | 6 кубок<br>150 диплом |
| **24** | Пара дзюдо | КРК | 28-30 қараша | Нұр-Сұлтан қ. | 40 медаль<br>40 диплом |

**1. ТҚАЗ және көру мүшелері зақымданған спортшылар арасында Пара Пауэрлифтингтен Командалық Қазақстан Чемпионаты және жастар арасында Қазақстан Чемпионаты**

**Жарыс сәуір айының 26-29 аралығында Талдықоған қаласында өткізіледі.**
**Келу күні 25 сәуір.**
**Кету күні 30 сәуір.**

Командалар құрамы: 12 спортшы, 1 әйелден (кем емес), 1 бапкер, 1 өкіл, 1 төреші. Әрбір арбадағы спортшы үшін сүйемелдеуші – гиді болуы керек.

Жарыс уақытында төреші әкелмеген командадан, жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынмен тең ұпай саны алынып тасталады (12 ұпай).

Жарыс уақытында әйелдер әкелмеген командадан, жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынмен тең ұпай саны алынып тасталады (12 ұпай).

Жарыс келесі салмақтық категорияда өткізіледі:

Ерлер және ұлдар– 49 кг дейін, 54 кг дейін, 59 кг дейін, 65 кг дейін, 72 кг дейін, 80 кг дейін, 88 кг дейін, 97 кг дейін, 107 кг дейін, 107 кг жоғары.

Әйелдер және қыздар – 41 кг дейін, 45 кг дейін, 50 кг дейін, 55 кг дейін, 61 кг дейін, 67 кг дейін, 73 кг дейін, 79 кг дейін, 86 кг дейін, 86 кг жоғары.

Жарыс пара пауэрлифтинг бойынша (IPC~ Халықаралық Паралимпиялық Комитетінің әрекеттегі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Көру мүшелері зақымданған спортшылар арасында пара пауэрлифитнгтен Қазақстан Чемпионаты IBSA ~ халықаралық көру мүшесы зақымданған спорт федерациясы әрекеттегі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

## 2. Пара оқ ату (ТҚАЗ) Қазақстан Республикасының Чемпионаты

**Жарыс 2022 жылы 10 - 16 мамыр аралығында Алматы қаласында өткізіледі.**
**Келу күні 10 мамыр. Кету күні 16 мамыр.**

Команда құрамасы - 9 спортшы, 1 жаттықтырушы, 2 алып жүруші, 1 төреші (барлығы 13 адам).

**Ерлер:**

R-1: пневматикалық винтовка: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15 м, арнайы стойкасыз ату.

P-1: пневматикалық пистолет: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15м.

**Әйелдер:**

R-2: пневматикалық винтовка: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15м, арнайы стойкасыз ату.

P-2: пневматикалық пистолет: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15м.

**Ерлер мен әйелдер (mix):** Арнайы стойкамен ату.

R-3 пневматикалық винтовка: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 0:50м,

R-4, пневматикалық винтовка: 10 м,60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15м,

R-5 пневматикалық винтовка: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:00м,

| **Мерзімі** | **Уақыты** | **Бағдарлама** |
|---|---|---|
| **11** мамыр | Күні бойы | Келу күні |
| | | Төрешілер отырысы |
| | | Мандаттық комиссия |
| | 10:00-17:00 | Жаттығу. (пристрелка) |
| | 14:00 | Жарыстың ашылуы |
| 12 мамыр | 10:00-17:00 | R-1 пневматикалық мылтықпен ату.<br>Ақтық сайыс (финал)<br>R-2 пневматикалық мылтықпен ату<br>Ақтық сайыс (финал) |
| 13 мамыр | 10:00-17:00 | R-4 mix пневматикалық мылтықпен ату.<br>Ақтық сайыс (финал)<br>P-2 пневматикалық қаруда ату.<br>Ақтық сайыс (финал) |
| 14 мамыр | 10:00-17:00 | R-3 mix пневматикалық мылтықпен ату<br>Ақтық сайыс (финал)<br>P-1 пневматикалық қаруда ату.<br>Ақтық сайыс (финал) |
| 15 мамыр | 10:00-17:00 | R-5 mix пневматикалық мылтықпен ату. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ақтық сайыс (финал) |
| 16 мамыр | | Кету күні |

## 3. Футбол 5*5

**2022 жылдың 15- 21 мамыр аралығында Алматы қаласында өткізіледі**.
**Келу күні 15 мамыр. Кету күні 21 мамыр.**
**Жарыс 16-20 мамыр аралығында өтеді.**

Команда құрамы: 10 спортшы, 1 жаттықтырушы-өкіл, 1 еруші. Барлығы 12 адам. Жарысқа 13 жасқа толған, көру қабілеті бойынша мүгедек ер адамдардан тұратын, футболдан жарыстарға дәрігердің рұқсаты бар командалар қатыса алады.

Жарыс Халықаралық IBSA ережесімен өтеді.
Жеңімпаздар мен жүлдегерлер алған орындарына сәйкес марапатталады.

**Марапаттау**

Қашықтықтар және класстар бойынша жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері, сәйкес дәрежедегі медальдар, кубогтар мен дипломдармен марапатталады.

## 4. Пара таеквондодан Қазақстан Республикасының Чемпионаты

**Өткізу орны: Тараз қ. қаласындағы Атлетик спорт кешенінде өткізіледі.**
**Келу күні –01 маусым 2022 жыл.**
**Классификация және салмақ өту күні – 02 маусым 2022 жыл.**
**Жарыстың өтетін күні – 03 маусым 2022 жыл.**
**Қайту күні – 04 маусым 2022 жыл.**

Командалар құрамы: спортшы саны шектеусіз, 2 бапкер, 1 төреші.

Жарыс Халықаралық пара таеквондо Федерациясының бекітілген жарыс ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Жарыс Daedo International Generation 2 электрондық жүйесінде өткізіледі.
Жарыс келесі кластарда және салмақтық категорияларда өткізіледі:

К 41 – 58 кг, - 63 кг, - 70 кг, - 80 кг, + 80 кг (ерлер арасында);
К 44 – 58 кг, - 63 кг, - 70 кг, - 80 кг, + 80 кг (ерлер арасында);
К 41 -47 кг, -52 кг, -57 кг, -65 кг, +65 кг (әйелдер арасында);
К 44 -47 кг, -52 кг, -57 кг, -65 кг, +65 кгз (әйелдер арасында).

Жарысқа МЭСК анықтамасы бар, жас шамасы 16 жастан жоғары спортшыларға қатысуға рұқсат етіледі.

## 5. Волейболды отырып ойнаудан (ТҚАЗ) Қазақстан Республикасының Чемпионаты (1 тур)

**Жарыстардың өткізілу шарттары.**

Жарысқа облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары командалары қатысады. Команда құрамы 17 адамнан артық болмауы тиіс, оның ішінде: 12 ойыншы, 3 бапкер, 1 дәрігер (массажист), 1 команда жетекшісі. Команда ережеге сай номерленген 2 комплект ойын формалары болуы қажет.

Жарыс Халықаралық волейбол федерациясының(WPV) ережелері бойынша өткізіледі.

Жарысқа тірек-қозғалыс апараттары бұзылған мүгедек-спортшылар қатыстырылады. Команда құрамында минимальный гандикап 1 спортшыға дейін болады. Сау ойыншы алаңға жіберілмейді. **Алдынғы жылғы ҚР, ҚР Спартакиада, ҚР Паралимпиада**

**чемпионаттарының нәтижесі бойынша I, II, III орын алған командалар ҚР Кубогіне ресми протоколдан тыс қатысады.**

**ҚРЧ 1 тур: 1 – 5 Маусым 2022 ж., Тараз қ.**
**ҚРЧ 2 тур: 1 – 5 Қыркүйек 2022 ж., Нұр-Сұлтан қ.**
**ҚРЧ 3 тур: 2 – 6 Қараша 2022 ж., Нұр-Сұлтан қ.**

Барлық кездесуде «тай-брек» ойналады (4 партия 25 ұпайға дейін, 5-ші партия 15 ұпайға дейін). Командалар ұтыс үшін 2-ұпайға, жеңіліс ұшін 1-ұпайға, келмей қалғаны үшін 0-ұпайға алады. Екі және одан көп командалардың ұпайлар теңескен жағдайда орындар дәйекі түрде төмендегідей анықталады:
-олардың арасындағы кездесулердегі жеңіс сандары;
-барлық кездесулердегі партия айырмашылығы;
-барлық кездесулердегі доптардың айырмашылығы;
-олардың арасындағы барлық кездесулердегі партия айырмашылығы;
-олардың арасындағы барлық кездесулердегі доптардың айырмашылығы;
**Жарыстар бағдарламасы.**

| **Күні** | **Жарыс тәртібі** | **Уақыты** |
|---|---|---|
| 1 күн | Командалардың келуі<br>Төрешілер отырысы | <br>18.00 – 19.00 |
| 2 күн | Ойын<br>Жарыстың ашылуы | 10.00<br>15.00 |
| 3 күн | Ойын | 09.00 |
| 4 күн | Ойын | 09.00 |
| 5 күн | Командалардың кетуі | |

## 6. Садақ ату.

**Спорттық жарыстарды өткізу жүйесі.**
Жарыс Халықаралық садақ ату Федерациясының (World Archery) ережесіне сәйкес өткізіледі.
Спортшылар жарысқа уақтылы өтінім беру, қауіпсідік шаралары бойынша нұсқаулық жүргізген баянат пен дәрігердің рұқсат қағазы болған жағдайда ғана қатыса алады.

Эсклюзивтік трансляциялау құқығы «Қазақстан Республикасының садақ ату, арбалет және дартс тарту федерациясына» (бұдан әрі- САДТФ) тиесілі.

**Қазақстан Республикасының Чемпионаты жабық ғимаратта**
**Жарыс 2022 жылдың 13-19 маусым аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өтеді**

Команда құрамы(классикалық садақ): 4 еркек, 4 әйел,

Блоктық садақ (компаунд): 4 еркек, 4 әйел, 2 жаттықтырушы және 1 төреші. Барлығы 19 адам. Нұр-Сұлтан қаласы. 13-19.06.2022 ж.
Жекелей және командалық жарыс. М-4, М-3, Олимпиадалық айналым жаттығулары жасалынады. 18 метрлі дистанциядағы командалық айналым және аралас жұптар (mixed)
13 маусым – келу күні;
14 маусым – атып байқау күні;
15 маусым – 18+18 метрлі еркектер, әйелдер;
16 маусым – 25+25 метр еркектер, әйелдер;

| Түрлер | К л а с с т а р |
|---|---|

17 маусым – барлық санат бойынша финалға дейінгі командалық жарыстар;
18 маусым - «Олимпиадалық айналым» жаттығуы финалға дейінгі жекелей біріншілік; барлық санат бойынша финалдар
19 маусым – қатысушылардың қайтатын күні.

## 7. Тірек - қимыл аппараты зақымдалған (ТҚАЗ) және көру мүшесі зақымдалған спортшылар арасында пара жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының Чемпионаты

**Жарыс 15-22 маусым аралығында Алматы қаласында өтеді.**
**Келу күні 15 маусым. Кету күні 21-22 маусым**

Жарыстарға қатысу үшін тірек мүшесі қозғалысы аппараты зақымдалған және көру мүшесі зақымдалған мүгедек-спортшыларына рұқсат беріледі. Медициналық классификация – 16, 17 маусым.

Төрешілер алқасының отырысы 17.06.2022 ж.сағат 18.00-20.00.Жарыс бағдарламасы.

**Көру мүшесі зақымдалған спортшылар.**

Команда құрамасы – 6 спортшы (кемінде 1 әйел), 1 жаттықтырушы, 1 төреші, 1 команда жетекшісі. 11-12 классты спортшыға еріп жүруші болуы міндетті.

| Түрлер | 11 класс | | 12 класс | | 13 класс | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ер | әйел | ер | әйел | ер | әйел |
| **100м** | + | + | + | + | + | + |
| **200м** | + | + | + | + | + | + |
| **400м** | + | + | + | + | + | |
| **800м** | + | | + | | + | |
| **1500м** | + | | + | | + | |
| **5000м** | | | | | + | |
| **Ұзындыққа секіру** | + | + | + | + | + | + |
| **Ядро итеру** | + | + | + | + | + | + |
| **Диск лақтыру** | + | + | + | + | + | + |
| **Найза лақтыру** | + | + | + | + | + | + |

Бағдарлама түрінде үштен кем спортшы қатысқан жағдайда және жарыстардың ойын-сауық мүддесі үшін сыныптарды біріктіруге жол беріледі, бұл ретте екінші разрядты және одан жоғары норматив орындалған кезде жеңімпаз бен жүлдегерлер әрбір сыныпта жеке айқындалады.

**Ескерту. ҚРЧ бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар бас төрешілер алқасының отырысында командалардың өкілдерімен бірлесіп енгізіледі**

**Тірек - қимыл аппараты зақымдалған (ТҚАЗ)**

Команда құрамасы – 8 спортшы (кемінде 1 әйел), 1 жаттықтырушы, 1 төреші, 1 команда жетекшісі. Әрбір спортшы үшін 1,2-топтағы мүгедектік, спортшыға еріп жүруші болуы міндетті.

| | 34 | 35 | 36 | 37 | 38 | 40 | 41 | 42 | 44 | 45 | 46 | 47 | 53 | 54 | 55 | 56 | 57 | 62 | 63 | 64 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **100м** | | + | + | + | + | | | + | + | + | + | + | + | + | | | | + | + | + |
| **200м** | | + | + | + | + | | | + | + | + | + | + | + | + | | | | + | + | + |
| **400м** | | + | + | + | + | | | | | + | + | + | + | + | | | | | | |
| **800м** | | | + | + | + | | | | | + | + | | + | + | | | | | | |
| **1500м** | | | + | + | + | | | | | + | + | | + | + | | | | | | |
| **5000м** | | | + | + | + | | | | | + | + | | + | + | | | | | | |
| **Прыжки в длину** | | + | + | + | + | | | + | + | + | + | | | | | | | + | + | + |
| **Толкание ядра** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **Метание диска** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **Метание копья** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + | + | + | + | + | + | + |

Бағдарлама түрінде үштен кем спортшы қатысқан жағдайда және жарыстардың ойын-сауық мүддесі үшін сыныптарды біріктіруге жол беріледі, бұл ретте екінші разрядты және одан жоғары норматив орындалған кезде жеңімпаз бен жүлдегерлер әрбір сыныпта жеке айқындалады.

**Ескерту. ҚРЧ бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар бас төрешілер алқасының отырысында командалардың өкілдерімен бірлесіп енгізіледі**

## 8. Тірек - қимыл аппараты зақымдалған (ТҚАЗ) және көру мүшесі зақымдалған спортшылар арасында пара жеңіл атлетикадан жастар арасында Қазақстан Республикасының Чемпионаты

**Жарыс 15-22 маусым аралығында Алматы қаласында өтеді.**

**Келу күні 15 маусым. Кету күні 21-22 маусым**

Жарыстарға қатысу үшін тірек мүшесі қозғалысы аппараты зақымдалған және көру мүшесі зақымдалған мүгедек-спортшыларына рұқсат беріледі. Медициналық классификация – 16, 17 маусым.

Төрешілер алқасының отырысы 17.06.2022 ж.сағат 18.00-20.00.Жарыс бағдарламасы.

Қазақстан Республикасының Жастар чемпионатын өткізу сәтінде 14 жастан 21 жасқа дейінгі 3 спортшының (кемінде бір қыздың) мүгедектігіне қарамастан жастар арасындағы команданың жалпы құрамы

| **Түрлер** | **11 класс** | | **12 класс** | | **13 класс** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ер** | **әйел** | **ер** | **әйел** | **ер** | **әйел** |
| **100м** | + | + | + | + | + | + |
| **200м** | + | + | + | + | + | + |
| **400м** | + | + | + | + | + | |
| **800м** | + | | + | | + | |
| **1500м** | + | | + | | + | |
| **5000м** | | | | | | |
| **Ұзындыққа секіру** | + | + | + | + | | + |
| **Ядро итеру** | + | + | + | + | | + |
| **Диск лақтыру** | + | + | + | + | + | + |
| **Найза лақтыру** | + | + | + | + | + | + |

Қазақстан Республикасының жастар чемпионатында жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағдарламаға кемінде үш спортшы қатысса жеке анықталады жарыстардың ойын-сауығы үшін үш спортшыдан кем қатысқан кезде сыныптарды бағдарлама түрінде біріктіруге жол беріледі

**Тірек - қимыл аппараты зақымдалған (ТҚАЗ)**

| Түрлер | Кластар | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 34 | 35 | 36 | 37 | 38 | 40 | 41 | 42 | 44 | 45 | 46 | 47 | 53 | 54 | 55 | 56 | 57 | 62 | 63 | 64 |
| **100м** | | + | + | + | + | | | + | + | + | + | + | + | + | | | | + | + | + |
| **200м** | | + | + | + | + | | | + | + | + | + | + | + | + | | | | + | + | + |
| **400м** | | + | + | + | + | | | | | + | + | + | + | + | | | | | | |
| **800м** | | | + | + | + | | | | | + | + | | + | + | | | | | | |
| **1500м** | | | + | + | + | | | | | + | + | | + | + | | | | | | |
| **5000м** | | | + | + | + | | | | | + | + | | + | + | | | | | | |
| **Прыжки в длину** | | + | + | + | + | | | + | + | + | + | | | | | | | + | + | + |
| **Толкание ядра** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **Метание диска** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **Метание копья** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + | + | + | + | + | + | + |

Қазақстан Республикасының жастар чемпионатында жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағдарламаға кемінде үш спортшы қатысса жеке анықталады жарыстардың ойын-сауығы үшін үш спортшыдан кем қатысқан кезде сыныптарды бағдарлама түрінде біріктіруге жол беріледі

**Ескерту. ҚРЧ бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар бас төрешілер алқасының отырысында командалардың өкілдерімен бірлесіп енгізіледі.**

## 9. Пара велоспортынан Қазақстан Республикасының Чемпионаты 2022 жыл

**Өткізу мерзімі:** 2022 жылдың 19 – 21 маусым
**Өткізу орны:** Ақмола облысы, Щучинск қаласында өткізіледі
**Командалар құрамы:** спортшы саны шектеусіз
*Жарыс Халықаралық пара велоспорт Федерациясының бекітілген жарыс ережелеріне сәйкес өткізіледі*

Пара велоспорт бөлінетін класстары
(ҚРҚ-ға қатысалатың)

| Қол велосипеды | Үш дөңгелекті велосипед | Велосипед | Тандем |
|---|---|---|---|
| H1 | T1 | C1 | B |
| H2 | T2 | C2 | |
| H3 | | C3 | |
| H4 | | C4 | |
| H5 | | C5 | |

| Тандем | MB | WB |
|---|---|---|
| Қол велосипеды H1 | MH1 | WH1 |
| Қол велосипеды H2 | MH2 | WH2 |
| Қол велосипеды H3 | MH3 | WH3 |
| Қол велосипеды H4 | MH4 | WH4 |
| Қол велосипеды H5 | MH5 | WH5 |
| Үш дөңгелекті велосипед T1 | MT1 | WT1 |
| Үш дөңгелекті велосипед T2 | MT2 | WT2 |
| Велосипед C1 | MC1 | WC1 |
| Велосипед C2 | MC2 | WC2 |
| Велосипед C3 | MC3 | WC3 |
| Велосипед C4 | MC4 | WC4 |
| Велосипед C5 | MC5 | WC5 |

| | |
|---|---|
| **30.03.22** | **Келу күні**<br>**Мандаттық комиссия, команда өкілдерімен төрешілер алқасының отырысы** |
| **31.03.22** | **Ресми жаттығу , трассаны қарау** |
| **01.04.22** | **Паралимпиадашылар арасындағы жеке жарыс** |
| **02.04.22** | **Кету күні** |

"Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиада комитеті" Қазақстан Республикасының чемпионаттарын, Қазақстан Республикасының кубоктарын ұйымдастыруға, бақылауға және өткізуге байланысты барлық шығыстарды: жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау (медальдар, дипломдар және кубоктар), кемінде 3 бірлік автокөлікті жалға алу (жеңіл, төрешілер бригадасы үшін), нөмірлер, баннерлер дайындау, төрешілердің еңбегіне ақы төлеу (жарыстарды өткізудің және мандаттық комиссия мен төрешілер алқасының жұмысының бекітілген мерзімдеріне сәйкес), сондай-ақ "ҚР ҰПК"ҚБ бас жаттықтырушысы мен команда бастығының іссапар шығыстарын көтереді

## 10. Голбол. Ерлер арасында Қазақстан Республикасының Чемпионаты (1айналым)

**2022 жылдың 25-30 маусым аралығында Алматы қаласында өткізіледі.**
**Келу күні 25 маусым. Кету күні 30 маусым.**
**Жарыс 25-30 маусым аралығында өтеді.**

Команда құрамы: 6 спортшы, 1 жаттықтырушы-өкіл, 1 еруші. Барлығы 8 адам.

Жарысқа 13 жасқа толған, көру қабілеті бойынша мүгедек ер адамдардан тұратын, голболдан жарыстарға дәрігердің рұқсаты бар командалар қатыса алады.

Жарыс Халықаралық IBSA ережесімен өтеді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер алған орындарына сәйкес марапатталады.

## 11. Ересектер және жасөспірімдер арасындағы пара жүзуден Қазақстан Республикасының Чемпионаты

**Жарыс 28-30 маусым аралығында Ақтобе қаласында өтеді.**

**Келу күні 25 маусым. Медициналық классификация – 26,27 маусым. Кету күні 30 маусым-1 шілде.**

Жарыстарға қатысу үшін тірек мүшесі қозғалысы аппараты зақымдалған (спорттық классы S 1 – S 10) және көру мүшесі зақымдалған (спорттық классы S 11 – S 13) мүгедек-спортшыларына рұқсат беріледі.

Ұйымдастырушы тарапынан қатысушылар саны шектеусіз, 1 бапкер, 1 өкіл, 1 төреші. Әр арбадағы және S 11 класты спортшыға бар сүйемелдеушіден іссапармен жүруге рұқсат беріледі.

**Өткізу және жеңімпаздарды тағайындау шарттары.**

Жарыс жеке болып есептеледі. Әр қатысушыда бағдарламаның 3 нөмерінде старттауға ерік бар.

Әр дистанцияда жеңімпаздар мен жүлдегерлер, жасөспірімдер және қыздар бөлек, ТҚАЗ және көру бөлек, коэффиценттер есебімен тағайындалады.

| **Класс S SB SM** | **Коэффицент** |
|---|---|
| 13 | 0.95 |
| 12 | 0.9 |
| 11 | 0.85 |
| 10 | 0.95 |
| 9 | 0.9 |
| 8 | 0.85 |
| 7 | 0.8 |
| 6 | 0.75 |
| 5 | 0.7 |
| 4 | 0.65 |
| 3 | 0.6 |
| 2 | 0.55 |
| 1 | 0.5 |

**Жарыстар бағдарламасы.**

| **1 күн** | **2 күн** | **3 күн** |
|---|---|---|
| 50 бр S1-S3 | 50 е/ж S1-S13 | 50 бат S1-S7 |
| 100 бр S4-S13 | 50 ш/ж S1-S5 | 100 бат S8-S13 |
| 100 е/ж S1-13 | | |
| 150 к/ж S1-S4 | 100 ш/ж S6-S13 | 200 е/ж S1-S5 |
| 200 к/ж S5-S13 | | 400 е/ж S6-S13 |

Кластардың қосылуы: S1-S6 S7-S8 S9-S10 S11-S13

## 12. Тірек - қимыл аппараты зақымдалған (ТҚАЗ) спортшылар арасындағы үстел теннисінен Қазақстан Республикасының Чемпионаты.

**Жарыс 03-09 шілде аралығында Орал қаласында өткізіледі.**

**Келу күні, классификация 03 шілде.**

Командалар құрамы: 10 спортшы 2 әйелден кем емес, 1 бапкер, 1 өкіл. Әрбір арбадағы спортшы үшін сүйемелдеуші – гиді болуы керек.

Жарыс келесі класстар бойынша өткізіледі:

Жеке разряд: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 класстар, ерлер және әйелдер;

- Класста 3 спортшыдан төмен өтінім болған жағдайда, оларды әліде жоғары класспен біріктіру жүргізіледі.

Командалық жарыстар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 класстар, ерлер және әйелдер.

- Команда құрамына әр түрлі командалар спортшылары кіре алады. (Командалық сынақ үшін жұппен ұтып алған ұпайлар екіге бөлінеді.)
- Командалар классы әліде жоғары класс спортшысы бойынша тағайындалады.
- Класста 3 спортшыдан төмен өтінім болған жағдайда, оларды әліде жоғары класспен біріктіру жүргізіледі.

Командалық разрядта матч (екі жеңіске дейін) жұптасқан А – Х, В – У формуласы бойынша, бірден үшке дейін ойындардан тұрады.
А, В – бір жұп ойыншылары, Х, У басқа жұп ойыншылары.

**Үстел теннисі бойынша жарыстар бағдарламасы**

| Күні | Уақыты | Оқиғалар | |
|---|---|---|---|
| 03.07.2022 | 10.00 с. – 22.00 с. | Командалардың келуі, Спортшылардың классификациясы | |
| 03.07.2022 | 20.00с. | Мандаттық комиссия | |
| 04.04.2022 | 10.00 с. | Ашылу рәсімі | |
| 04-06.07.2022 | 11.00 с. – 13.00 с. | Жеке разряд | 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 класстар әйелдер |
| 04-06.07.2022 | 15.00 с. – 18.00 с. | Жеке разряд финалдық ойындар, марапаттау | 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 класстар ерлер |
| 07-08.07.2022 | 10.00 с. – 13.00 с. | Командалық разряд | 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 класстар әйелдер |
| 07-08.07.2022 | 15.00 с. – 18.00 с. | Командалық разряд финалдық ойындар, марапаттау | 1-5, 6-10 класстар ерлер |
| 09.07.2022 | Қайту күні | | |

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді алған орындарына сәйкес марапатталады.

## 13. Голбол. Ерлер арасында Қазақстан Республикасының Чемпионаты (2 айналым)

**2022 жылдың 10-15 тамыз аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі.**
**Келу күні 10 тамыз. Кету күні 15 тамыз.**
**Жарыс 10-15 тамыз аралығында өтеді.**

Команда құрамы: 6 спортшы, 1 жаттықтырушы-өкіл, 1 еруші. Барлығы 8 адам.
Кубокқа 13 жасқа толған, көру қабілеті бойынша мүгедек ер адамдардан тұратын, голболдан жарыстарға дәрігердің рұқсаты бар командалар қатыса алады.

Жарыс Халықаралық IBSA ережесімен өтеді.
Жеңімпаздар мен жүлдегерлер алған орындарына сәйкес марапатталады.

## 14. Жастар арасында тірек - қимыл аппараты зақымдалған (ТҚАЗ) спортшылар арасындағы үстел теннисінен Қазақстан Республикасының Чемпионаты.

**Жарыс 15-20 тамыз аралығында Ақтау қаласында өткізіледі.**
**Келу күні, классификация 15 тамыз.**

Командалар құрамы: 10 спортшы 2 әйелден кем емес, 1 бапкер, 1 өкіл. Әрбір арбадағы спортшы үшін сүйемелдеуші – гиді болуы керек.

Жарыс келесі класстар бойынша өткізіледі:

Жеке разряд: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 класстар, ерлер және әйелдер;
- Класста 3 спортшыдан төмен өтінім болған жағдайда, оларды әліде жоғары класспен біріктіру жүргізіледі.

Командалық жарыстар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 класстар, ерлер және әйелдер.

- Команда құрамына әр түрлі командалар спортшылары кіре алады. (Командалық сынақ үшін жұппен ұтып алған ұпайлар екіге бөлінеді.)
- Командалар  классы әліде жоғары класс спортшысы бойынша тағайындалады.
- Класста 3 спортшыдан төмен өтінім болған жағдайда, оларды әліде жоғары класспен біріктіру жүргізіледі.

Командалық  разрядта матч (екі жеңіске дейін) жұптасқан А – Х, В – У формуласы бойынша, бірден үшке дейін ойындардан тұрады.

А, В – бір жұп ойыншылары, Х, У басқа жұп ойыншылары.

**Үстел теннисі бойынша жарыстар бағдарламасы**

| Күні | Уақыты | Оқиғалар | |
|---|---|---|---|
| 15.08.2022 | 10.00 с. – 22.00 с. | Командалардың келуі, Спортшылардың классификациясы | |
| 15.08.2022 | 20.00с. | Мандаттық комиссия | |
| 16.08.2022 | 10.00 с. | Ашылу рәсімі | |
| 16-17.08.2022 | 10.30 с. – 13.00 с. | Жеке разряд | 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 класстар әйелдер |
| 16-17.08.2022 | 15.00 с. – 18.00 с. | Жеке разряд финалдық ойындар, марапаттау | 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 класстар ерлер |
| 18-19.08.2022 | 10.00 с. – 13.00 с. | Командалық  разряд | 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 класстар әйелдер |
| 18-19.08.2022 | 15.00 с. – 18.00 с. | Командалық  разряд финалдық ойындар, марапаттау | 1-5, 6-10 класстар ерлер |
| 20.08.2022 | Қайту күні | | |

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді алған орындарына сәйкес марапатталады.

**Тірек - қимыл аппараты зақымдалған (ТҚАЗ)**

Команда құрамасы – 8 спортшы (кемінде 1 әйел), 1 жаттықтырушы, 1 төреші, 1 команда жетекшісі. Коляскадағы  спортшыға міндетті түрде алып жүруші.

Егер үш спортшыдан кем емес бағдарлама түрінде қатысқан жағдайда және керемет жарыстың мүддесі үшін сабақтардың үйлесуіне жол берілсе, жеңімпаздар мен жүлдегерлер әр сыныпта екінші санаттағы және одан жоғары норманы орындаған кезде бөлек анықталады.

Байқау бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар құрамның өкілдерімен бірге негізгі төрешілер алқасының отырысында енгізіледі.

## 15. Садақ атудан Қазақстан Республикасының Чемпионаты ашық аланда

**Спорттық жарыстарды өткізу жүйесі.**

Жарыс Халықаралық садақ ату Федерациясының (World Archery) ережесіне сәйкес өткізіледі.

Спортшылар жарысқа уақтылы өтінім беру, қауіпсідік  шаралары бойынша нұсқаулық жүргізген баянат пен дәрігердің рұқсат қағазы болған жағдайда ғана қатыса алады.

Эсклюзивтік трансляциялау құқығы «Қазақстан Республикасының садақ ату, арбалет және дартс тарту федерациясына» (бұдан әрі- САДТФ) тиесілі.

Жарыс 2022 жылдың 19-26 тамыз аралығында Алматы облысы Талғар қаласы өтеді

Жарысқа ЖСШМ, БЖСМ, БЖСМ, колледждер, спорт интернаттарының оқушыларынан тұратын облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының құрама командалары қатысады.

Команда құрамы 4 еркек, 4 әйел үлкендер арасында,

Блоктық садақ (компаунд): 8 еркек, 3 әйел, 2 жаттықтырушы, 1 төреші. Барлығы 14 адам. Талғар қаласы.

Классикалық садақ; 7 еркек, 1 әйел, 2 жаттықтырушы, 1 төреші

**Қазақстан Республикасының Чемпионаты:**

70+70 метрлі дистанциядағы жекелей және командалық жарыс. Олимпиадалық айналым жаттығулары жасалынады, командалық айналым. Блоктық садақ (компаунд): 50 + 50 метрлі дистанциядағы жекелей және командалық жарыс. Олимпиадалық айналым жаттығулары жасалынады, командалық айналым және аралас жұптар (mixed)

19 тамыз – келу күні;
20 тамыз – атып байқау күні;
21 тамыз – 70 + 70 метр ересектер, компаунд ересектер 50 + 50 метр;
22 тамыз – 70 + 70 метр әйелдер, компаунд әйелдер 50 + 50 метр;
23 тамыз – барлық санат бойынша финалға дейінгі командалық жарыстар;
24 тамыз - «Олимпиадалық айналым» жаттығуы финалға дейінгі жекелей біріншілік;
25 тамыз – барлық санат бойынша финалдар; қатысушылардың қайтатын күні.
26 тамыз - қатысушылардың қайтатын күні.

## 16. ТҚАЗ және көру мүшелері зақымданған спортшылар арасында Пара Пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының Чемпионаты

**Жарыс тамыз айынының 27-30 аралығында Ақтау қаласында өткізіледі.**
**Келу күні 26 тамыз. Кету күні 31 тамыз.**

Командалар құрамы: 12 спортшы, 1 әйелден (кем емес), 1 бапкер, 1 өкіл, 1 төреші. Әрбір арбадағы спортшы үшін сүйемелдеуші – гиді болуы керек.

Жарыс уақытында төреші әкелмеген командадан, жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынмен тең ұпай саны алынып тасталады (12 ұпай).

Жарыс уақытында әйелдер әкелмеген командадан, жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынмен тең ұпай саны алынып тасталады (12 ұпай).

Жарыс келесі салмақтық категорияда өткізіледі:

Ерлер және ұлдар– 49 кг дейін, 54 кг дейін, 59 кг дейін, 65 кг дейін, 72 кг дейін, 80 кг дейін, 88 кг дейін, 97 кг дейін, 107 кг дейін, 107 кг жоғары.

Әйелдер және қыздар – 41 кг дейін, 45 кг дейін, 50 кг дейін, 55 кг дейін, 61 кг дейін, 67 кг дейін, 73 кг дейін, 79 кг дейін, 86 кг дейін, 86 кг жоғары.

Жарыс пара пауэрлифтинг бойынша (IPC~ Халықаралық Паралимпиялық Комитетінің әрекеттегі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Көру мүшелері зақымданған спортшылар арасында пара пауэрлифитнгтен Қазақстан Чемпионаты IBSA ~ халықаралық көру мүшесы зақымданған спорт федерациясы әрекеттегі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

## 17. Волейболды отырып ойнаудан (ТҚАЗ) Қазақстан Республикасының Чемпионаты (2 тур)

**Жарыстардың өткізілу шарттары.**

Жарысқа облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары командалары қатысады. Команда құрамы 17 адамнан артық болмауы тиіс, оның ішінде: 12 ойыншы, 3 бапкер, 1 дәрігер (массажист), 1 команда жетекшісі. Команда ережеге сай номерленген 2 комплект ойын формалары болуы қажет.

Жарыс Халықаралық волейбол федерациясының(WPV) ережелері бойынша өткізіледі.

Жарысқа тірек-қозғалыс апараттары бұзылған мүгедек-спортшылар қатыстырылады. Команда құрамында минимальный гандикап 1 спортшыға дейін болады. Сау ойыншы алаңға жіберілмейді. **Алдынғы жылғы ҚР, ҚР Спартакиада, ҚР Паралимпиада чемпионаттарының нәтижесі бойынша I, II, III орын алған командалар ҚР Кубогіне ресми протоколдан тыс қатысады.**

**ҚРЧ 1 тур: 1 – 5 Маусым 2022 ж., Тараз қ.**
**ҚРЧ 2 тур: 1 – 5 Қыркүйек 2022 ж., Нұр-Сұлтан қ.**
**ҚРЧ 3 тур: 2 – 6 Қараша 2022 ж., Нұр-Сұлтан қ.**

Барлық кездесуде «тай-брек» ойналады (4 партия 25 ұпайға дейін, 5-ші партия 15 ұпайға дейін). Командалар ұтыс үшін 2-ұпайға, жеңіліс үшін 1-ұпайға, келмей қалғаны үшін 0-ұпайға алады. Екі және одан көп командалардың ұпайлар теңескен жағдайда орындар дәйекі түрде төмендегідей анықталады:
-олардың арасындағы кездесулердегі жеңіс сандары;
-барлық кездесулердегі партия айырмашылығы;
-барлық кездесулердегі доптардың айырмашылығы;
-олардың арасындағы барлық кездесулердегі партия айырмашылығы;
-олардың арасындағы барлық кездесулердегі доптардың айырмашылығы;
**Жарыстар бағдарламасы.**

| **Күні** | **Жарыс тәртібі** | **Уақыты** |
|---|---|---|
| 1 күн | Командалардың келуі<br>Төрешілер отырысы | <br>18.00 – 19.00 |
| 2 күн | Ойын<br>Жарыстың ашылуы | 10.00<br>15.00 |
| 3 күн | Ойын | 09.00 |
| 4 күн | Ойын | 09.00 |
| 5 күн | Командалардың кетуі | |

## 18. Пара ат спортынан Қазақстан Республикасының Чемпионаты

Жарыс 2022 жылы 15-16 қыркүйек айында Шығыс Қазақстан облысындағы «Қазақстан Республикасының ат-жарыс федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы ат-жарыс жаттықтыру ұйымы ЖШС «Титан» өндірістік-фирмасының және ат-жарыс манежі «Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» КММ Шығыс Қазақстан Облысы, Глубокое ауданы, Винный ауылында өткізіледі. Келу күні: 20 шілде.

Сайыс екі бағдарлама бойынша өтеді: Паралимпиядаық және Арнайы Олмпиядалық. Сайысқа мүгедек және тірек-қимыл қозғалысы бұзылған, ақыл-ой кемістігі бар мүгедек балалар қатысады.

Сайысқа қатысушыларда өз жаттықтырушылары болуы тиіс.

*Қатысушы тек бір бағдарламаны таңдауы тиіс. (Паралимпиядаық және Арнайы Олимпиядалық)*

Сайыс бағдарламалары «Жұмыс жолы», «Бастықтыру». Қатысушы тек бір рет бір бағдарламада қатыса алады.

Сайыс келесі санаттарда жүргізіледі.

1. A-I – өз еркімен барлық бағдарламаларды жүргізе алады ат үстінде адымдау, шауып, троте бойынша.

Сайыс - «Бастықтыру» бағдарламасымен жүргізіледі – тест 1, «Жұмыс жолы»

2. B- I - өз еркімен барлық бағдарламаларды жүргізе алады ат үстінде адымдау, троте бойынша.
3. C-I - өз еркімен барлық бағдарламаларды жүргізе алады ат үстінде адымдау
4. C-S – қатысушылар бапкермен ат үстінде адымдап қана бағдарламасын жүргізеді

Сайыс - «Жұмыс жолы» бағдарламасымен жүргізіледі

Қатысушылар белгілеу бөліміне келмегендер сайыстан кейін ғана қатыстырылады.

Паралимпиядалық бағдарлама қатысушылары

Паралимпиядалық бағдарлама сайысына 8-16 жасқа толған спортсмедер, 16 жастан жоғары класифициондық классификациялық жүйе I.P.E.C. 2006 жылы

Сайыс бағдарламасы I-V Дәреже – балалар 8- 14 жас

- Дербі тесті 2018

Сайыс бағдарламасы – 14 жастан жоғары атшы

- Басты бағдарлама: I-V Дәреже - жеке жүлде FEI PE (2018 ж.)
- Ерікті бағдарлама: I- V дәреже - КЮР FEI PE (2018 ж.)

Негізгі бағдарламаға қатыспайтын спортсмендер, КЮРе дәрежеден бөлек, «Бастықтыру басы» тест А және В бағдарламасына өз таңдауымен қатыса алады.

Атшы саны әр үш және оданда дәрежеде өз санаулары, әр дәрежедегі атшы саны аз болса төреші өз пікірімен санай алады.

15.09.22 8.00 – 9.00 – мандатты комиссия
9.00 – 9.30 – ветеринарлық көрсетілу
10.00 – 10.30 – арнайы ашылуы
11.00 – 12.00 – арнайы Олимпиядалық бағдарлама бойынша бөлімдерге бөлінуі
12.00 – 13.00 – паралимпиядалық бастықтыру. Жеке жүлде. Бастықтыру басы, Тест А, Тест Б
13.30 – 14.00 - паралимпиядалық бастықтыру. Ерікті бағдарлам
17.00 – Жаттығу

16.09.22 9.00 – Мәнерлер жүру. Жеке жүлде. V, IV
10.00 – Мәнерлер жүру. Жеке жүлде. III, II, I
12.00 – Мәнерлер жүру. Жеке жүлде. V, IV, III, II, I
14.00 – Мәнерлер жүру. Жеке жүлде. КЮР, V – I
15.50 – 16.50 – арнайы Олимпиядалық бағарлама бойынша жұмыс жолы
17.30 – Жүлдегерлерді марапаттау. Арнайы сайыстың жабылуы.

**Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау**

Паралимпиядалық бағдарлама бойынша жеңімпаздарды анықтау әр дәрежеде анықталып отырады. Қатысып жинаған пайыздары арқылы нәтижесін шығарады.

Арнайы Олимпиядалық бағдарлама бойынша жеңімпаздарды анықтау (жұмыс жолы , бастықтыру) әр топта бөлек A-I, B-I, C-I, C-S (жұмыс жолы)

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер тәртіппен алқа және дипломмен марапатталады. Орын ала алмаған атшы қатысушылар қатысқандару үшін үлес қосқандарына дипломмен марапатталады.

## 19. Пара оқ ату Қазақстан Республикасының Кубогы

**Жарыс 2022 жылы 19 - 23 қыркүйек аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі.**

**Келү күні 19 қыркүйек. Кету күні 24 қыркүйек**

Команда құрамасы - 7+7 спортшы, 1 жаттықтырушы, 2 алып жүруші, 1 төреші (барлығы 11 адам).

**Ерлер:**

R-1: пневматикалық винтовка: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15 м, арнайы стойкасыз ату.

P-1: пневматикалық пистолет: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15м.

**Әйелдер:**

R-2: пневматикалық винтовка: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15м, арнайы стойкасыз ату.

P-2: пневматикалық пистолет: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15м.

**Ерлер мен әйелдер (mix):** Арнайы стойкамен ату.

R-3 пневматикалық винтовка: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 0:50м,

R-4, пневматикалық винтовка: 10 м,60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:15м,

R-5 пневматикалық винтовка: 10 м, 60 оқ, жаттығу орындау уақыты 1:00м,

| **Мерзімі** | **Уақыты** | **Бағдарлама** |
|---|---|---|
| 19 қыркүйек | Күні бойы | Келу күні |
| | | Төрешілер отырысы |
| | | Мандаттық комиссия |
| | 10:00-17:00 | Жаттығу. (пристрелка) |
| | 14:00 | Жарыстың ашылуы |
| 20 қыркүйек | 10:00-17:00 | R-1 пневматикалық мылтықпен ату.<br>Ақтық сайыс (финал)<br>R-2 пневматикалық мылтықпен ату<br>Ақтық сайыс (финал) |
| 21 қыркүйек | 10:00-17:00 | R-4 mix пневматикалық мылтықпен ату.<br>Ақтық сайыс (финал)<br>P-2 пневматикалық қаруда ату.<br>Ақтық сайыс (финал) |
| 22 қыркүйек | 10:00-17:00 | R-3 mix пневматикалық мылтықпен ату<br>Ақтық сайыс (финал)<br>P-1 пневматикалық қаруда ату.<br>Ақтық сайыс (финал) |
| 23 қыркүйек | 10:00-17:00 | R-5 mix пневматикалық мылтықпен ату.<br>Ақтық сайыс (финал) |
| 24 қыркүйек | | Кету күні |

## 20. Волейболды отырып ойнаудан (ТҚАЗ) Қазақстан Республикасының Чемпионаты (3 тур)

**Жарыстардың өткізілу шарттары.**

Жарысқа облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары командалары қатысады. Команда құрамы 17 адамнан артық болмауы тиіс, оның ішінде: 12 ойыншы, 3 бапкер, 1 дәрігер (массажист), 1 команда жетекшісі. Команда ережеге сай номерленген 2 комплект ойын формалары болуы қажет.

Жарыс Халықаралық волейбол федерациясының(WPV) ережелері бойынша өткізіледі.

Жарысқа тірек-қозғалыс апараттары бұзылған мүгедек-спортшылар қатыстырылады. Команда құрамында минимальный гандикап 1 спортшыға дейін болады. Сау ойыншы алаңға жіберілмейді. **Алдынғы жылғы ҚР, ҚР Спартакиада, ҚР Паралимпиада чемпионаттарының нәтижесі бойынша I, II, III орын алған командалар ҚР Кубогіне ресми протоколдан тыс қатысады.**

**ҚРЧ 1 тур: 1 – 5 Маусым 2022 ж., Тараз қ.**
**ҚРЧ 2 тур: 1 – 5 Қыркүйек 2022 ж., Нұр-Сұлтан қ.**
**ҚРЧ 3 тур: 2 – 6 Қараша 2022 ж., Нұр-Сұлтан қ.**

Барлық кездесуде «тай-брек» ойналады (4 партия 25 ұпайға дейін, 5-ші партия 15 ұпайға дейін). Командалар ұтыс үшін 2-ұпайға, жеңіліс ұшін 1-ұпайға, келмей қалғаны үшін 0-ұпайға алады. Екі және одан көп командалардың ұпайлар теңескен жағдайда орындар дәйекі түрде төмендегідей анықталады:

-олардың арасындағы кездесулердегі жеңіс сандары;
-барлық кездесулердегі партия айырмашылығы;
-барлық кездесулердегі доптардың айырмашылығы;
-олардың арасындағы барлық кездесулердегі партия айырмашылығы;
-олардың арасындағы барлық кездесулердегі доптардың айырмашылығы;

**Жарыстар бағдарламасы.**

| Күні | Жарыс тәртібі | Уақыты |
|---|---|---|
| 1 күн | Командалардың келуі<br>Төрешілер отырысы | 18.00 – 19.00 |
| 2 күн | Ойын<br>Жарыстың ашылуы | 10.00<br>15.00 |
| 3 күн | Ойын | 09.00 |
| 4 күн | Ойын | 09.00 |
| 5 күн | Командалардың кетуі | |

## 21. Шаңғыдан Қазақстан Республикасының Кубогы

Жарыс 4-6 қараша 2022 жыл аралығында Щучинск қаласында өтеді.

Жарысқа қатысу үшін екі жастық категорияда ( ерлер, және 16 жасқа дейін), әйелдер, қыздар (16 жасқа дейін), ТҚАЗ және көру мүшесі зақымдалған мүгедек-спортшыларға рұқсат беріледі. Қатысушылар саны шектеусіз. Әрбір арбадағы спортшыға бір сүйемелдеушіден іссапармен жүруге рұқсат беріледі.

**Жарыстар бағдарламасы. Командалардың іссапарға жүру шарттары:**

**Келу күні – 2022 жылғы 3 қараша**
**Кету күні – 2022 жылғы 7 қараша**

2022 жылғы 3 қараша – 11.00 сағ. – аяқталуы бойынша, мандаттық комиссия отырысы, төрешілік комиссия отырысы.
2022 жылғы 4 қараша – 11.00 сағ. – ерлер 5 км. (классикалық жүріс)
12.00 сағ. – әйелдер 5 км. (классикалық жүріс)
12:30 сағ. – жасөспірімдер ерлер, әйелдер (20 жасқа дейін) 5 км. (классикалық жүріс)
14.00 сағ – ерлер 10 км. (классикалық жүріс)
15.00 сағ – әйелдер 10 км. (классикалық жүріс)

2022 жылғы 5 қараша – 11.00 сағ. – ерлер спринт классикалық жүріс
.. 14.00 сағ. – әйелдер спринт классикалық жүріс

2022 жылғы 6 қараша – 11.00 сағ. – ерлер спринт еркін жүріс
.. 14.00 сағ. – әйелдер спринт еркін жүріс
11.00 сағ. – ерлер 5 км. (еркін жүріс)
12.00 сағ. – әйелдер 5 км. (еркін жүріс)
12:30 сағ. – жасөспірімдер ерлер, әйелдер (20 жасқа дейін) 5 км. (еркін жүріс)
14.00 сағ – ерлер 10 км. (еркін жүріс)
15.00 сағ – әйелдер 10 км. (еркін жүріс)

Ауа райына байланысты, жарыс өткізілу уақыты өзгертілуі мүмкін.

**Марапаттау**

Қашықтықтар және класстар бойынша жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері, сәйкес дәрежедегі медальдар мен дипломдармен марапатталады.

## 22. Шаңғыдан Қазақстан Республикасының Чемпионаты

**Жарыс 7-13 қараша 2022 жыл аралығында Щучье қаласында өтеді.**

Жарысқа қатысу үшін екі жастық категорияда ( ерлер, және 16 жасқа дейін), әйелдер, қыздар (16 жасқа дейін), ТҚАЗ және көру мүшесі зақымдалған мүгедек-спортшыларға рұқсат беріледі. Қатысушылар саны шектеусіз. Әрбір арбадағы спортшыға бір сүйемелдеушіден іссапармен жүруге рұқсат беріледі.

**Жарыс бағдарламасы. Командаларды іссапарға жіберу шарттары**

2022 жыл, 7 – қараша – келу күні
2022 жыл,, 8 – қараша - сағат 10.00 – мандат комиссиясының, төрешілер алқасының отырысы
2022 жыл,, 9 – қараша
сағ: 14.00 – жарыстың салтанатты ашылу рәсімі
сағ: 14.30 – ерлер 1 км. (спринт)
2022 жыл,, 10 – қараша
сағ: 15.30 – әйелдер 1 км. (спринт)
сағ: 16.30 – жасөспірім ұлдар 1 км., қыздар 1 км. (спринт)
2022 жыл, 11 – қараша
сағ: 11.00 – ерлер 7 км., отыратын спортшылар 5 км. (еркін жүріс)
сағ: 12.00 – әйелдер 3 км., отыратын спортшылар 2 км. (еркін жүріс)

2022 жыл,, 12 – қараша
сағ: 13.00 – жасөспірім ұлдар 3 км., қыздар 2 км. (еркін жүріс)
2022 жыл,, 13 – қараша – кету күні.

## 23. Ересектер және жасөспірімдер арасындағы пара арасындағы пара жүзуден Қазақстан Республикасының Кубогы

**Жарыс 15-20 қараша аралығында Ақтобе қаласында өтеді.**

Жарыстарға қатысу үшін тірек мүшесі қозғалысы аппараты зақымдалған (спорттық классы S 1 – S 10) және көру мүшесі зақымдалған (спорттық классы S 11 – S 13) мүгедек-спортшыларына рұқсат беріледі.

Келу күні 15 қараша. Медициналық классификация – 16 қараша. Кету күні 19-20 қараша.

Ұйымдастырушы тарапынан қатысушылар саны шектеусіз, 1 бапкер, 1 өкіл, 1 төреші. Әр арбадағы және S 11 класты спортшыға бар сүйемелдеушіден іссапармен жүруге рұқсат беріледі.

### 1. Өткізу және жеңімпаздарды тағайындау шарттары.

Жарыс жеке болып есептеледі. Әр қатысушыда бағдарламаның 3 нөмерінде старттауға ерік бар.

Әр дистанцияда жеңімпаздар мен жүлдегерлер, жасөспірімдер және қыздар бөлек, ТҚАЗ және көру бөлек, коэффициенттер есебімен тағайындалады.

| Класс S SB SM | Коэффицент |
|---|---|
| 13 | 0.95 |
| 12 | 0.9 |
| 11 | 0.85 |
| 10 | 0.95 |
| 9 | 0.9 |
| 8 | 0.85 |
| 7 | 0.8 |
| 6 | 0.75 |
| 5 | 0.7 |
| 4 | 0.65 |
| 3 | 0.6 |
| 2 | 0.55 |
| 1 | 0.5 |

Жарыстар бағдарламасы.

| 1 күн | 2 күн | 3 күн |
|---|---|---|
| 50 бр S1-S13 | 50 е/ж S1-S13 | 50 бат S1-S13 |
| 100 е/ж S1-S13 | 100 бат S8-S13 | 100 бр S1-S13 |
| 50 ш/ж S1-S13 | 100 ш/ж S1-S13 | 200 е/ж S1-S5 |
| 200 к/ж S5-S13 | 150 к/ж S1-4 | 400 е/ж S6-S13 |

Эстафеталық жарыс 4х100 е/ж аралас 34 Эстафеталық жарыс 4х100 біріктірілген аралас 34
Эстафеталық жарыс 400 е/ж аралас 49 Эстафеталық жарыс 4х100 біріктірілген аралас 49

Кластардың қосылуы: S1-S6 S7-S8 S9-S10 S11-S13

## 24. Пара дзюдодан Қазақстан Республикасының Кубогы

**Жарыс 28-30 қараша аралығында 2022 жыл Нұр-Сұлтан қаласы.**
**Келу күні 27 қараша. Кету күні 1 желтоқсан**
Мандаттық комиссия 2022 жылы 27 қараша күні сағат 10:00-14:00.
Төрешілер коллегасы отырысы 28 қараша күні сағат 16:00 сағатта.
Салмақ өлшеу алдын-ала өлшеу 17:00-17:30 дейін.
Ресми салмақ өлшеу 17:30-18:00 дейін.
Командалар құрамы: спортшы саны шектеусіз, 2 бапкер, 1 төреші.
Жарыс келесі салмақтық категорияда өткізіледі:

**J1 (B1 класс)**
Ерлер – 60 кг, 73 кг, 90 кг, +90 кг
Әйелдер – 48 кг, 57 кг, -70 кг, +70
**J2 (B2-B3)**
Ерлер:- 60 кг, 66 кг, 73 кг, 81кг, 90 кг, 100 кг, +100 кг
Әйелдер – 48 кг, 57 кг, -70 кг, +70
Жарыс парадзюдо бойынша IJF~Халықаралық Дзюдо Федерациясының ережесіне сәйкес өтеді.

## VI Наразылықтар

Жарыстардан кейін уақыты өтіп кеткеніне байланысты назарлық қабылданбайды және қайта қаралмайды. Назарлық бас төрешінің атына берілді.

## VII Жүлделері мен жеңімпаздарын марапаттау

1-3 орындар үшін спортшылар дәрежелеріне сәйкес кубок, диплом және медальдармен, жүлделермен марапатталады. Командалық сынақта 1 орындар үшін командалар Кубок және мадақтамасы 2-3 орындар үшін командалар мадақтамасымен марапатталды.

## VII Қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Спортық және дене шынықтыру шаралары Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін және қоғамдық тәртіп пен қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тиісті нормативтік құқықтық актілердің талаптарына жауап беретін спорттық ғимараттарда, сондай-ақ дене шынықтыру немесе спорттық ғимараттың белгіленген тәртіпте бекілетін шараларды өткізуге дайындығы жөнінде актілерінің бар болуы шартымен өткізіледі.

## VIII Допингке қарсы шаралар.

Негізгі Республикалық жарыстың барлық спортшылары (қатысушылары) Дүниежүзілік Допингке қарсы Агенттіктің (бұдан әрі ДДҚА) допингке қарсы кодекс бұзған, спортшы допингтестті өткізуден бас тартқан немесе ықпалшаралар (немесе жаза) (спортшының жарыстан толық шеттетілуі) қолданылатын болады.

## IX COVID-19 қарсы іс-шаралар.

Республикалық жарыстарға міндетті түрде 72 сағаттан аспайтын ПЦР-тесті тапсыруға міндетті немесе вакцинация паспорты болуы тиіс. Жарысқа қатысу командаларының ПЦР-тест тапсыру және барлық шығындар іссапарға жіберген ұжымның есебінен жүргізіледі.